

**М.Қашқаридың «Диуани лұғат -
ит-түрк» еңбегіндегі мақал-
мәтелдердің
ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ**



- Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» жазба ескерткіші – орта ғасырлық түркілердің сөйлеу тілі мен тіл арқылы берілген дүниетаным, мәдениет бөлшектерінің даму көрсеткіші, танымы мен этнографиялық сипатының дереккөзі, ұлттардың тарамдалуының шежірелік қазынасы.

«Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегіндегі «Адам» макроконцептісіне қатысты мақал- мәтелдерінің этнолингвистикалық көрінісі



□ Адам және адамгершілік



□ *Ұалынуқ урулмиш қаб,*

□ *Ол ағзы йазулур – алқынур.*

□ Адам үрленген қап,

□ Ауызы ашылса – бос қалар.

- Бұл мақалдың түпкі ойы адамды үрленген қапқа теңеу арқылы беріліп тұр. Әр адамның өзіндік ішкі жан сыры, қайғысы, ойы болады. Егер осының барлығы ақиқатқа айналса, ол адамның қандай екендігі белгілі болады.





□ *Тағ тағқа қавушмас,*

□ *Кіші кішігә қавушур.*

□ Тау таумен қауышпас,

□ Кісі мен кісі қауышар.

□ Тау орнынан қозғалмайды. Ал өмірде адамдар бір-біріне не жасаса алдына сол қайтып келетіні жайында түркі халықтары айтып өткен.

□
□ **Ар мен ұят**

□ *Итқа увут етсә, улдан иемәс.*

□ Итке ұят бітсе, өлексе жемес.

□ Бұл мақал ұятты, ізетті болуға үндеп, адамдарды жаман қасиеттерден қашық болуға шақырылып айтылады.

□
□ *Ағыз йесә, көз уйалур.*

□ Ауыз жесе, көз ұялар.

□ Бұл мақал біреудің затын сатып алған, яки жеген, бірақ , оны қайтара алмай қиналған адамдарға арнап айтылады.

□





▣ Атақ пен абырой



▣ *Езгу ер сөңүкі әрір, аты қалыр.*

- ▣ Жақсы адамның сүйегі шірігенімен, аты қалар .
- ▣ Бұл мақал адамдарды жақсылық жасауға үндеп айтылады



▣ *Қыз кіші сауы йорығлы болмас.*

- ▣ Момын кісінің сөзі даңқты болмас .
- ▣ Бұл мақал кісілерді жақсы атанып, ел құрметіне бөлену үшін ұқыпты, мұқият болуға үндеп айтылады.

«Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегіндегі «Қоғам» макроконцептісіне қатысты мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық көрінісі

□ Туыстық қатынастар

□ Отбасы жайында (ата-ана мен балалар)

- Туыстық жүйенің ең негізі, бел ортасы – отбасы саналады. Барлық алыс-жақын туыстық - осы отбасыдан есептеледі. Түркі тектес халықтарда отбасы негізінен үш ұрпақтан тұрады. Ол – ата, әке, бала.

□

- *Тай ататса, ат тынур,*

- *Огул ерәрсә, ата тынур.*

- Тай өссе, ат тынығар,

- Ұл өссе, әке тынығар.

- Түркі халықтарында әулет басшысы, отбасы мүшелерінің тірегі, асырап сақтаушысы, қамқоршысы - әке болып табылады. Отбасында әкенің орны ерекше екені белгілі.

□

□ Ағайын-туыс

- - *Йатның йағлығ тікусіндән,*
 - *Өзнің қанлық йузруқ иіг.*
 - Жаттың майлы бөкпенінен,
 - Жақыныңның қанды жұдырығы жақсы.
- Бұл мақал жақын адамдардың арасы алшақтағанда оларды жақындастыру, табыстыру үшін арнайы айтылады.
- - *Қаңдаш қума урур,*
 - *Ікдәш өру тартар.*
 - Әкесі бір бірін-бірі көре алмас,
 - Анасы бір мейірімсіз бола алмас.
- Әкесі бір, анасы басқа бауырлар ешқашан бірін-бірі көре алмайды. Күншілдікпен күн өткізеді. Керісінше, анасы бір, әкесі басқа бауырлар бір-біріне мейірімді келеді. Олар әрқашан да бірін-бірі өрге тартып, көмектесіп жүреді деп насихаттайды бұл мақал.

□ **Береке-бірлік, сыйластық**

- - *Сабанда сандырыш болса,*
 - *Өрткүндә іртәч болмас.*
 - *Жержырттарда ұқыпты болса,*
 - *Қырман уақытында жанжал болмас.*
- Бұл мақал әрқандай істің ақырында ұрыс-жанжал болмауы үшін алдын ала келісіп алған жөн деп ақыл айтады.
- - *Сөкушуб уришур,*
 - *Отра тон тытышур.*
 - *Соғысып ұрысар,*
 - *Ортада тон жыртылар.*
- Бұл мақал кісілерді ұрыс-жанжалдан аулақ болуға үндеп айтылады.

«Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегіндегі «Табиғат» макроконцептісіне қатысты мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық көрінісі

□ Жан-жануарлар мен хайуанаттар

□ *Әшиәк айұр:*

□ - *Башым болса, сундурунда сув ічкәймән.*

□ *Есек айтар:*

□ - *Аман болса басым, теңізден де су ішермін.*

□ Ежелгі түркі елінің адамдары қиыншылыққа тап болғанда немесе бұл мақал өз мақсатына жету үшін ұзақ ғұмыр сүруге тырысқан адамдарға арнап айтылады.

□

□ *Қалың қулан жуфғасыз болмас.*

□ *Үйірді қулан көсемсіз (айғырсыз) болмас.*

□ Бұл мақал біреуді басқа кісіге қосып жіберу үшін арнайы қолданылады және не болсада көппен бірге деген мағынан білдірген.

□ Төрт түлік

- Түркі халықтары ежелден мал шаруашылығымен айналысқан халық екендігі бәрімізге мәлім. Мал шаруашылығына байланысты туындаған мақал-мәтелдердің қайсыбірін талдап қарасақ та, астарында халықтың діни-мифологиялық наным-сенімі мен салт-дәстүрі жатады.
- Түркі халықтары бура, айғыр, бұқа, қошқар және теке малдарын төрт түліктің басы деп қадірлеген. Мифологиялық, фольклорлық, эстетикалық, қарабайыр дүние бейнелерінде олар билік жолындағы күрестің, жойқын күштің, ырыс-құттың символы.

- - *Ат тәкузлікі ай болмас.*
 - Ат қасқасы ай болмас.
- Бұл мақал кішкентай істі үлкейтіп көрсететін адамдарға арнап айтылады. Түркі халықтары адамдары сыртына қарап емес, ішкі жан дүниесін бағалау керектігін айтып өткен
- - *Кіші аласы ічтін,*
 - *Иылқы аласы таиштын.*
 - Адам аласы ішінде,
 - Жылқы аласы сыртында.
- Бұл мақал өзі жағымды көрініп, жандүниесіндегіні жамандық пен арамдықты жасыратын сұрқия жандарға бағышталады

□ Табиғат көріністері

- - *Йазын қатығланса, қышын сәунур.*
 - Жазда қатты қимылдаса, қыста сүйсінер .
- Түркі халқы жаз уақытысында барды бағалап, қысқа азық жинап, еңбектенуді алға тартқан. Егерде жазда өзіңе қажетті азық жинап қойсаң, соның рақатын қыста көресің дейді.

□

- *Қара булытығ йел ачар,*
 - *Урунч білә ел ачар.*
 - Қара бұлтты жел ашар,
 - Хан есігін пәре ашар.
- Бұл мақал ойға алған ісіңді тез бітіру үшін дүние-мүлікті аямай жұмсағанын жөн деп уағыздайды.

□

- М.Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрк» еңбегі бүкіл әлемдегі түркі тілдес халықтардың бәріне бірдей ортақ асыл қазына, тілдік, әдеби, тарихи, этнографиялық т.б. тұрғыдан мейлінше бай мұра екені даусыз.

